

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2023 жылғы 24 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә. Смайыловқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Экономикамыздың қай саласы болмасын да, оның дамуы ғылыми негіздермен ұштасуы керек.

Былтыр Президент дербес ғылым министрлігін құрды. Оның мақсаты - ғылымға байланысты барлық мәселелер бір жерден шешіліп, бір жерден методикалық әдістеме арқылы қаржыландыру.

Алайда іс жүзінде олай болмай тұр.

Бір жыл аралығында аграрлық ғылым жаңа министрлікке неге өтпеді?

Жетім қозының кейпін киген аграрлық ғылымның бірнеше зерттеу институттары бүгінгі күнде базалық қаржыландырудан шектетілді. Заңда жоқ нәрсе қаулыда тұр, бұны қалай түсінуге болады?

«Ғылым туралы» Заңның 27-ші бабына сәйкес аграрлық ғылыми зерттеу институттары мемлекеттік тапсырыстарды алу үшін конкурсқа қатысуы керек.

Кәдімгі тендер ойнатқандай. Дәл қазір азық-түлік қауіпсіздігін күшейтетін заманда, ғылыми мекемелер бір-бірімен жарысатыны қалай? Ғылым ойын емес!

Тағы айта кететін жайт. Көп ретте сол конкурста мақаласын шетелдік басылымда шығарып қойған пысықтар ұтады. Ал талай жыл зерттеу жасап, оны толық кітап қып шығарған тәжірибелі ғалымдардың еңбегі зая кетеді. Осылай саны бар, сапасы жоқ тақырыптарға қаражат бөлінеді.

Сосын, Ұлттық ғылыми кеңес құрамында соңғы жылдары ғылымнан хабары аз, салаға қатысы жоқ азаматтар отыр.

Нәтижесінде мемлекетке маңызды, халыққа пайдасы тиетін ғылыми тақырыптар шетте қалып жатады. Бұл шындық! Ұлттық ғылыми кеңес мүшелерінің сапасын жақсартып, санын ықшамдау керек.

Бұдан басқа ғылыми зерттеу институттарын университеттерге беру мәселесі бізді қатты толғандырады.

Өз тарапымыздан біз бір емес екі тұжырымдаманы зерделедік. Оның бірі ғылымды, екіншісі агроөнеркәсіпті кешенді дамыту. Бұл екеуінде де ғылыми зерттеу институттарын университеттерге беру туралы айтылмаған.

Жалпы жоғары оқу орнының мақсаты маман дайындап шығару емес пе? Әлде зерттеу статусын алған Университет, бакалавр, магистр, доктор атақтарымен қоса, ғылыми атақты да, тіпті ғылыми қызметке де, сол Университет ректоры орналастырмақшы ма?

Бұлай болса бәрін жауып тастап, тек университетті қалдырайық.

Әлемдік тәжірибеде әр мекеме тек өз жұмысымен айналысады. Осыны ұмытпауымыз керек.

Білім берудің үздік жылдарында ғалым дәрежесіне үміткерлер, өз диссертацияларын институттардың қабырғасында, яғни университеттерден тыс жерде қорғайтын.

Осы механизм аталған тұжырымдамаларда неге жоқ?

Жалпы, ғылыми мекемелерді әрі-бері қозғап, көрпені жан-жаққа тартуды доғарған жөн. Реформа деп жүргенде ғалымдардың саны 3000-нан 2000-ға кеміді, орта жасы 60-тан асты. Жас ғалымдар жоқтың қасы, бар болса да дайындықтары көңіл көншітпейді.

Ең басты мәселе – ғылыми институттарды молынан қаржыландыру. Механизация, экономика, қой шаруашылығы институттары ақша іздеп тентіреп жүр.

Жоғарыдағы мәселелерді кім және қай кезде шешеді?

Сауалға белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

**Жигули Дайрабаев
Анас Баққожаев
Серік Егізбаев
Аян Зейнуллин
Қарақат Әбден
Николай Арсютин
Ерболат Саурықов
Таңсауле Серіков**

*Орын: Н.Дүйсенбаев
Тел.: 74-67-67*